

**Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына спорттық аң аулау патрондарының
Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1423

"Экспорттық бақылау туралы" 1996 жылғы 18 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Өзбекстан Республикасына 2001 жылғы 4 қазандағы N 13/601 келісім-шарт бойынша қосымшаға сай номенклатура мен санда "Узмахсусимпэкс" Мемлекеттік кәсіпорнына (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) "Новосибирск төмен вольтті аппаратура зауыты" (Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы) ашық акционерлік қоғамы беретін спорттық аң аулау патрондарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен спорттық аң аулау патрондарының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2 ж ы л ғ ы 2 9 ж е л т о қ с а н д а ғ ы

N 1 4 2 3 қ а у л ы с ы н а

қосымша

**2001 жылғы 4 қазандағы N 13/601 келісім-шарт бойынша "Узмахсусимпэкс"
мемлекеттік кәсіпорнына (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қаласы) "
Новосибирск төмен вольтті аппаратура зауыты" (Новосибирск қаласы, Ресей
Федерациясы) ашық акционерлік қоғамы беретін тауарлардың
номенклатурасы мен саны**

P/c N	Тауарлардың атауы	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны	1000 дана үшін бағасы АҚШ долла.долларымен рымен	Құны АҚШ
1	(.22LR)	930630930	дана	400000,0	26,0	10400,0
				" С у р о к "		
				э к с п а н с и в т і		
				о қ т а р ы м е н		
			5 , 6	к а л и б р л і		
			с п о р т т ы қ	а ң		
				а у л а у		
				п а т р о н д а р ы		
2	(.22 LR) 5,6	930630930	дана	1000000,0	24,0	24000,0
				к а л и б р л і		
				" Ю н и о р "		
			с п о р т т ы қ	а ң		
				а у л а у		
				п а т р о н д а р ы		
	Жиыны:			1400000,0	50,0	34400,0

Жөнелту пункті: Новосибирск батыс станциясы, (Ресей Федерациясы). Баратын жері: Ташкент тауарлы станциясы, (Өзбекстан Республикасы). Шекаралық өту пункттері: Локоть станциясы - Шеңгелді станциясы.